

*In the article, the authors analyse the research and genre descriptions of historical poems, focusing on the literary features of the historical song “Kabanbai Batyr”. The authors carry out the analysis with the help of expressions to show that the historical songs are writings which tell stories of different events that took place in different periods of time. The authors show the importance of historical poetry as folklore heritage in social life by analysing the opinions of literary critics.*

*Keywords: song, genre, national defense, symbol of heroism, tulpar, marches, Kyrgyz, Dzungar conflicts, Kazakh heroes, integrity, national character, outstanding poetry, folklore, spirit, national ideals.*

Received: 21.09.2022

**ҒТАХР 17.71.07**

**О.А.Казжанова<sup>1</sup>, Г.Т. Тлеубердина<sup>1</sup>, С.Ж.Шахина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> «Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: [guldentleuberdina@inbox.ru](mailto:guldentleuberdina@inbox.ru);

<sup>2</sup> «Е.Бөкетов атындағы КАРУ» КЕАҚ, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАН МЕН НАУРЫЗБАЙ БАТЫРДЫҢ БЕЙНЕСІ**

*Мақалада қазақтың соңғы ханы Кенесарының қолбасшылығы, әскерінің береке-бірлігін ұйытып, даңқын шығарған оның батырларының бейнесі талданды. Кенесарымен бірге олар да суыққа тоңып, ыстыққа күйді, көтерілістің барлық ауыртпалығын арқалағаны көрсетіледі. Кенесары–Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл халықты рухтандырған, талай батырды тарих сахнасына шығарғанын анықтадық. Бұл зерттеуде халық жырларының, ақындардың, жазушылардың көркем туындыларындағы Кенесары ханның бейнесін басқа зерттеушілердің зерттеулерімен Кенесары образына әдеби талдау жүргізілді.*

*Талдау жасаған жырларда батырлардың кейде Кенесарымен бірге жүріп атқарған ерлік істері баяндалса, енді бірде батырлардың жеке-дара жүріп басынан өткерген айрықша бір оқиғалары баяндалады. Мәселен Бұғыбай батырдың ерлігі қырғыз халқының алдындағы Алатаудың бөктерінде бекіністі алуда ерекше көзге түседі. Қазақ әдебиеті тарихы Кенесары ханды жанкешті, елі мен жерінің азаттығы үшін шыбын жанын тәрк еткенін, қасындағы қас батырларымен жеңіске де, жеңіліске де бірге жеткенін суреттейді.*

*Кенесары, Наурызбай бастаған көтерілістің тарихи шындығы ғана емес, олар туралы айтылған, жазылған шығармаларды жан-жақты талдап, талқылаудан өткізіп, еркіндікке ұмтылған санамыздың рухани серпілісін жаңашылдықпен қарауға мүмкіндік жасадық. Кенесары отаршылдыққа қарсы жаппай көтерілісінің айқын саяси сипаты және оның қазақ тарихындағы рөлі туралы ғалымдардың пікірлері берілген.*

*Кілт сөздер. Тарихи жыр, Кенесары, Наурызбай, ұлт-азаттық көтеріліс, саясат, соғыс.*

## **КІРІСПЕ**

Атырау мен Алтайға созылған ұлан-байтақ Қазақ елін бағындыру Ресей империясына оңай болған жоқ. Тарих беттеріндегі кіші жүздің ханы Әбілқайыр өз еркімен Ресейдің қол астына кірді деген әңгімені зерттеушілердің әрқайсысы айтады. 1731 жылдан 1860 жылдар аралығында Қазақ елі Ресейге көбінде сөз жүзінде бағынып, іс жүзінде ру, тайпа

билеушілерінің жүргізген саясатын іске асырып отырады. Оның негізгі айғағы ретінде отарлау саясатына қарсы шыққан әр жердегі шаруалар көтерілісін айтуға болады. Мысалы, XIX ғасырдың 30-40 жылдары Кенесары Қасымұлы бастаған шаруалар көтерілісі жерінің шетін жау баспас үшін, найзаға үкі тағып, жан қиярлық ұрыс жүргізіп, елін, жерін аман сақтап қалудың қам-қарекетін жасағанын тарихтан білеміз. Сол сияқты 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық шаруалар көтерілісі де дәлел бола алады.

Бұл көтерілістердің қоғамдық-әлеуметтік маңызы, әрине, кең байтақ қазақ даласын аман сақтап, болашақ ұрпағына аманаттау еді. Еліне, халқына деген шексіз махаббатын көрсету. Ата-бабаларымыздың қаны төгіліп, елді, жерді сақтап қалған батырларымыздың рухы аңыз болып айтылып, жыр болып жырлануда. Бүгінгі ұрпақ олардың есімін тарихтан, шындыққа негізделіп, көркем тіл арқылы әдебиетке келген тарихи жырлардан біледі[1].

Бізге жеткен, сонымен қатар хатқа түскен тарихи жырлардың басым көпшілігі XVIII ғасырда болған оқиғаларға негізделеді. Тарихи жырлар халықтың өмірінде бұрын-соңды болған, саяси-әлеуметтік мәні зор тарихи оқиғалар, істер жөнінде, тарихта шын болған көрнекті адамдар жөнінде зерттеу тілімен айтпай, тарихи шындықты көркем әдебиет тілімен айтып береді. Бұдан біз тарихи жырдың нақты бір оқиғаға негізделетінін байқаймыз. Тарихи жыр көркем шығарма болғандықтан тарихи деректер көркемделіп, біраз өзгертіліп көрсетіледі. Тарихи жырда идеялық-эстетикалық мұрат басқа жырлардан гөрі өзгеше болады: мұнда үлкен оқиғаның жекелеген фактілеріне, бұқара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан кәдімгі қарапайым адамдарға үлкен мән беріледі[2]. Бірақ олар жалпы тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып, өрбіп жатады.

Сондай тарихи жырлардың бірі – отаршылдыққа қарсы шыққан Кенесары ханның ерліктерін жырлаған Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жыры. Нысанбай жырау аталған тарихи эпоста ұлт-азаттық көтерілістің өзекті арнасын сөз етеді. Жырау Кенесары мен Наурызбайдың ерлігін бұрынғы жыр үлгісімен жаза келіп, онымен бірге өз заманының шындығын, қара халықты күйзелткен барлық оқиғаларды шебер үйлестірген. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов Нысанбайдың бұл поэмасының бір зор қасиеті – эпикалық оқиғаға ақын лирика дәнін тамаша еге білген. Поэмада оқушының жан жүйесін босататын, ойын тербететін лирикалық мотивтер көп. Бұл поэмамен Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады дегенді айтады[3]

Тарихи оқиғалардың бейнесіне айналған «Кенесары-Наурызбай» жырындағы қос батырдың ерлігін, еркіндік үшін күрескен батылдығын талдау мақала жүгіне арқау болады. Жырдағы тарихи-әлеуметтік мәселелер кеңінен талданады.

## ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Ғылыми мақаланы жазу барысында материалдарды жинақтап, ғалымдардың пікірлері салыстырылды. Талдау жұмыстары жүргізілді.

## НӘТИЖЕ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛҚЫЛАУ

Кеңес дәуірінде ұлт-азаттық көтерілістер бұрмаланып, олардың басшыларын атауға да тыйым салынғаны тарихтан белгілі. Осы тұрғыдан келгенде Нысанбай жыраудың есімі де халық санасынан жоғала бастаған еді. Егемендік алған кезден ғана «Кенесары-Наурызбай» жыры жарыққа шығып, Нысанбай Жаманкүлұлының есімі қайта жаңғырған болатын. Жыраудың аталған шығармасы тұңғыш рет 1875 жылы Россия географиялық қоғамының «Орынбор бөлімінің еңбектерінің» үшінші томында, одан кейін 1812 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайхысламұлының құрастыруымен, 1923 жылы Ташкентте Халел Досмұхамедұлының, 1924 жылы Нәзір Төреқұловтың алғысөзімен кітап болып шықты. 1925 жылы Москвадағы Күншығыс елдерінің баспасынан Жүсіпбек Басығариннің

редакциялауымен, «Парасат», «Жұлдыз» журналдарында, 2008 жылы жарық көрген «Батырлар жырының» жетінші томында басылды. Осы басылымдардың тек соңғысында ғана аты-жөні толық жазылып, «Нысанбай жырау Жаманқұлұлы» деп көрсетіледі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 2009 жылы шыққан көп томдық шығармалар жинағының тоғызыншы томында Кенесары жорығы жайында сөз болып, соңында «Кенесары-Наурызбай» жыры беріліпті[4].

XX ғасырдың 30-жылдары Мұхтар Әуезов «Хан Кене» пьесасын, 60-жылдары Илияс Есенберлин «Қаһар» романын жазды. 1888 жылы Ташкент қаласында «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан Кенесарының баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады.

Нысанбай жырау Жаманқұлұлының бізге қалдырған асыл мұрасы – «Кенесары-Наурызбай» реалды-тарихи эпосы. Жырау Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліске бастан аяқ қатысып, барлық оқиғалардың куәсі болған.

Жырдағы басты образ – Кенесары хан. Кенесары – үш жүздің, жалпы қазақтың соңғы ханы. Қазақ халқының тарихындағы Ресей империясының отарлау саясатына қарсы ең ұзақ әрі бүкіл қазақ сахарасын жайлаған көтеріліс бастаған тұлға[5].

Орта жүздің ханы Қасымның үлкен ұлы, атақты Абылай ханның немересі Кенесары 1802 жылы Көкшетауда дүниеге келген. Ол бала күнінен әскери іске қызығушылық танытқан, ежелгі жорықтар мен ұлы қолбасшылар туралы аңыз-әңгімелерді тындап өскен, атқа міну өнерін ерте меңгерген, құралайды көзге атқан мерген болған. Ол өзінің батырлығымен, суық ақылымен, шешендігімен және асқан дипломаттығымен ерекшеленген[6].

Кенесарының сырт бейнесін Б. Салтабаев өз очеркісінде былай деп береді: «Кене хан ашаң, орта бойлы, жуан мойынды еді. Оның жүзі қараторы, тартымды, көздері жалтылдаған бүркіттікіндей қызыл және делдиіңкіреген еді. Кішірек мұрты және қалың, сына тәріздес сары қоңыр сақалы бар. Ол аз сөйлейтін және өзін қаталдау, еркін үлкен бір бекзаттықпен ұстайды. Ол басына құндыз терісімен көмкерілген кішігірім тері тымақ киеді. Киімдерінің үстінен түйе жүннен тоқылған сұр шекпен жамылып, оның ішінен көмшат терісінен тігілген тон киеді. Жейдесі мен шалбары ақ матадан қолдан тоқылған». [7, 30 б.].

Бұл – Кенесары ханның тарих беттеріндегі бейнесі. Ал енді Кенесарының әдебиеттегі бейнесіне тоқталайық.

«Кенесары-Наурызбай» жырын зерттеген ғалымдардың ішінде биыл 72 жасқа толған фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Шәкір Ыбырай ағамыздың еңбегін айтуға болады. Шәкір Ыбырайдың зерттеуін басшылыққа ала отырып: «XIX ғасырдың соңында жазылған Ахмет Кенесариннің естелігіне қарағанда Қасым сұлтанның екі әйелі болған. Үлкен әйелінен Саржан, Есенгелді, Ағатай, Бопы, Көшек, Кенесары, ал кіші әйелінен Наурызбай туады», - [8, 7 б.] делінген. Осы айтылғанның айқын дәлелі Иманжан Жылқыайдарұлының «Кенесары, Саржан» жырында былай беріледі:

Төрт ұл туып Қасымнан,  
Бәрі де жедел өседі.  
Құдайменді, Саржан, Ержан мен  
Кенесары деседі  
Сәруар еді – тапқан анасы.  
Қалмақ ханы Бөкендайырдың  
Таңдап алған қызы еді.  
Ана үшеуі ер жетті.  
Кенжесі – Кене кіші еді.  
Жалқы туды Наурызбай,  
Анасы – кіші шеше еді,-[9, 45 б.] делінген.

Бұл жыр жолдары ғалым Шәкір Ыбырайдың пікірін бекіте түсудің айқын дәлелі бола алады.

Кенесары ханның адамгершілігін, даналығын, ақылын, қайсарлығын, батырлығын Нысанбай жырау ерекше жырлаған. Оны мына жыр жолдарынан аңғаруымызға болады:

Кешегі өткен Кенекең –  
Дүрри жауһар данасы,  
Үйсіздерге үй болған,  
Битуананың қанасы,  
Шаршағанға ат болып.  
Шөлдегенге су шолған,  
Дарияның аққан саласы.  
Ата-тегін сұрасаң,  
Хан Абылай баласы. [9, 10 б.]

Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың келтірген деректеріне қарағанда, Кенесары бастаған көтеріліске дәл бір мезгілде болмаса да, үш жүздің бұқара халқы түгел қатысқан. Көтеріліс орталығының ауысып тұруына байланысты қазақ руларының әр жылдардағы үлес салмағы да құрамы да өзгеріп отырған. Орта жүз жерінен басталған көтеріліс біртіндеп кіші жүз жеріне жайылды, соңында үш жүз руларын да қамтыды.

Көтерілістің негізгі тірегі бұқара халық болды. Себебі жерінен, мал-жанынан айырылып, қайыршылыққа түскен момын ел ешнәрседен тайынбайтын жағдайға жетті. Осындай жағдайда бұқара халыққа жол көрсетіп, азаттық үшін белін бекем буған арда азаматтар Кенесары маңына топталды. Бұлардың қатарында ел мүддесін жоғары қойған батырлар, билер, ру басылары болғаны тарихтан мәлім. Шығу тегіне қарамастан, бұлардың көбі хандық кеңестің мүшесі болды, ел тағдыры, көтеріліс болашағына қатысты шешімдерге тікелей ат салысып, соның негізінде отаршылдарға қарсы жанкешті қимылға саналы түрде барды.

Шұбыртпалы Ағыбай, табын Жоламан мен Бұқарбай, қыпшақ Иман және Басығара, дулат руынан шыққан Байсейіт, шапырашты Бұғыбай, Сұраншы, Саурық, сүйіндік Жанайдар, атығай Аңғал, арғын Жеке батыр, Таймас, Жәуке, қанжығалы Тастан, қаржас Сармантай сияқты елім деп ту көтерген ерлер халықтың ар-намысын жоғары ұстады. Олардың ерлігі Кенесары туралы өлең-жырларға да, өз алдына жеке-жеке жыр дастандарға да арқау болды [7, 9 б.].

Шапырашты Бұғыбай батырдың ерен ерлігі «Кенесары-Наурызбай» жырындағы қырғыз бен қазақ арасындағы қилы кезеңде көзге түседі. Онда Қоқидың шалқар көліне келіп қонған Кененің басынасын көтермей қырғыз ханы Қалша жар салып соғыс жариялайды.

Қырғыз ханының жарлығына Кенесары ханда қарсы болмай даланы ұрыс алаңына айналдырады. Қырғыздың жасанған қолы да осал емес екен. Бекінісі де өте мықты.

Алатаудан аса алмай,  
Тастың тарттым зарлығын.  
Тау басына жете алмай,  
Дүниенің көрдім зорлығын  
Қысылғанда әрқашан  
Білінуші еді нарлығың.  
Осы сапар, Бұғыбай,  
Қырғыздың көрдім қырлығын! - [9, 19 б.]

деп, Кенесары хан қырғыздарды жеңе алмай Бұғыбай батырға жүгінеді.

Атасы өткен Абылай,  
Тілеуді берген бір құдай.  
Былырдан алған басшысы-  
Шапырашты Бұғыбай.  
«Бұғыбай басшы қайда?»,- деп,  
Шақырып алды Наурызбай [9, 18 б.].

Бұғыбайдың ерлік даңқы алты алашқа жайылған, асыл текті батыр болып суреттеледі. Асусыз Алатауды алуға Бұғыбайдың амал-айласы жететінін Наурызбай Кене ханға баяндайды. Жауынгерлер арасынан үш жүз батыр таңдап ал дегенінде, отыз ержүрек жауынгер жетеді деп, таңдаған отыз сарбазбен Алатаудың алынбас қамалын бұзуға

аттанады. Кене хан алыстан барлап, батырларының іс-әрекетіне сүйсінеді. Жырда қазақтың хас батырларының ерен ерлігінің арқасында қырғызды жеңеді.

Нысанбай жырау Жаманқұлұлының «Кенесары-Наурызбай» жырының соңы Кенесары хан мен Наурызбай батырдың өмірден өтуімен аяқталады. Жырдың қоғамдық-әлеуметтік маңызын қырғыздың елшісі Кәрібоздың екі елдің арасында жауластық емес, татулықтың болуын түсіндіруі, ұзақ айқастан қарапайым халықтың жапа шеккенін, «елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» екенін айтты. Дегенмен, қазақтың қос батыры сыншы, шешен, елші Кәрібоздың көп әңгімесіне құлақ салмады. Біздің ойымызша, жыршының Кенесары мен Наурызбай бейнесін тым қатал суреттеу арқылы оқырман санасында қалдыру деп түсінеміз.

Негізінен Кенесарының тұлғалық бейнесі мен билеушілік танымын және саяси ахуалды кеңінен сипаттап, отандық тарихтың беттерінен орын алуына бірден-бір себепкер болған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) «Қара мес» деп аталатын еңбегі [8, 48 б.]. «Қара мес» еңбегінде М.Көпеев хандар, билер, батырлар тарихын хронологиялық жүйемен баяндай отырып, ел тарихын жан-жақты танытады. Осы туындысында ол Сарыарқаның тарихын сипаттай келе, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы [8, 49–50 б.]. «Біздің бұл Сарыарқадағы қазаққа «қазақ бізге бағын, қара» деп, «ақ патшадан жарлық алып шықтым», - деп, Ибан Сыманыш деген бөлкебай келді. Сонда оныменен таласа Қытайдан да елші келді, «қазақ саған қарамайды, маған қарайды» деп. Ол екеуінен патшаға қазақтың өз ішінен төреден Кенесары, Наурызбай шығып, келіп айтты:

Бағынба қазақ орысқа,  
Бағынсаң қазақ орысқа.  
Осы бастан амандас  
Сарыарқа деген қонысқа.  
Береке кетер асыңнан,  
Билік кетер басыңнан.  
Інгеннен інген күйерсін,  
Күйдіруші табылып,- [9, 55 б.].

деп, қазақтың басындағы бағы мен тағын орыс билейтінін көріпкелдікпен айтады. Расында Сарыарқа самал жеріміздің шұрайлы қонысы күні бүгінге дейін орыс ұлтының ұясына айналып келеді. Сонда сол замандағы қазақтың жақсылары кеңесті де Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады және қытай елшісіне де сөйлеспеді. Жерімізге тимесең, баладан солдат алмасаң, саған қараймыз деп, гәдәләтшілік бар деп, ақ патшаны өз ықтиярларымен қарап бағынды. Теріге жаздырып, уағда хат алды», - деп Кенесары мен Наурызбайдың өз қара басы үшін емес, ұлт болашағы үшін тер төккенін сипаттаған.

Профессор Ермұхан Бекмахановтың пайымдауынша [9, 19 б.], Кенесары Орта жүздің де, Кіші жүздің де қазақтарының азаттық қозғалысын Торғай аймағында басқарған. Батырлықпен, ерлікпен атағы шыққан Торғай өңіріне Кене ханның ат басын бұруы, ойсырап қалған жасағының орнын 62 салалы Торғай өзенінің бойындағы Қабырға, Өлкейік сияқты салаларын мекендеген арғын-қыпшақтан шыққан батырлармен толықтырып, оларды алдағы болатын ұрыстарға дайындап, жарамды ат-көлік, қару-жарақ дайындау еді. Торғай өңірінің Қарасай мен Қошалақ аралығындағы шұрайлы мекенге ат басын тіреген Кенесары хан осы жерде бірер жыл мекендейді. Ол жайында қазақтың тұңғыш қаламгерлерінің бірі, әрі ақын Мұхамеджан Сералиннің «Жауыр торы» дастанында жазылады.

Қазақтың алдаспан ханы Кенесарының өрлігі мен ерлігі Мағжан Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасында да ерекше суреттеледі. «Арқада Көкшетауға жер жетпейді, Басқа жер көңілді ондай тербетпейді, Арқада Бурабайға жер жетпесе, Алашта Кенекеме ер жетпейді», - деп Бурабайдай сұлу мекенді әспеттесе, Кене хан сияқты асылды күллі алаштан таппайтынын ерекше пафос арқылы бейнелейді.

Сол кеткеннен Кенекем кете барды,  
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.  
Алашты алып шығып ел қылмаққа,

Орысқа аш бөрідей ойран салды [10, 309 б.],-

бұл шумақта Кене ханның ерекше ерлігі бейнеленеді. Науандай хас батырды жолбарысқа теңеп, Алаш алдындағы ерлігін ерекше көрсетеді.

Келесі бір үлкен шығарма – қазақтың ұлы ақыны Ілияс Жансүгіровтің Кенесары тақырыбында жазған «Күйші» дастаны. Бұл оқиға Кенесарының Жетісу өлкесіне ауған шағында болған. Бұл көпке белгілі ғажайып шабытты дастанның бір жерінде Хан Кененің екі-ақ жолмен берілген портреті бар: «Жанжалды үй арасы ұшасынып, Арыстан отыр төрде тісі ақсиып» дейтін. Үй арасы дегені – қазақ арасы, ол оған араласпайды. Оның қиял-арманы алыста жатыр.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, зерттеу барысында Кенесары мен Наурызбайға қатысты Нысанбай жыраудың жырынан басқа Ж.Шайхисламұлының «Кенесары, Наурызбай», К.Жанатайұлының «Абылай-Кенесары», Қ.Қаратаевтың «Кенесары, Наурызбай», С.Керімбетовтің «Кенесары», Д.Әлімбаевтың «Кенесары», М.Ж.Көпеев «Сарыарқа кімдікі?», И.Жылқыайдаровтың «Кенесары, Саржан» т.б. нұсқаларын қарастырдық. Аталмыш жырларда ХІХ ғасырдағы аса ірі ұлт-азаттық көтерілістің білікті қолбасшысы, жаужүрек батыр, ұлттық рухты оятқан қазақ халқының соңғы ханы Кенесарының ел билеудегі өзіндік ерекшелігі мен тактикасы орыс пен қоқандықтардың саяси билігінен зардап шеккен халықтың қайғы-қасіреті мен мұң-зары, ханның маңайындағы Наурызбай бастаған батырлардың ерлік әрекеттері зерделеніп, талданды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Досқожа. Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы, Жалын, 1993. – 56-60.
- 2 Қасқабасов С. Алаштың арман-аңсары (Кенесары хан халық әдебиетінде). // Егемен Қазақстан. – 24 желт. – б.
- 3 Дала фольклорының антологиясы. Тарихи жырлар. 3 том. – Алматы, 2019. – 584.
- 4 Тлеубердина Г.Т. Қанай бидің шешендік сөздерінің фольклорлық негіздері // Ш.Уәлиханов атындағы КУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. 2022.-№4. 81-89 б.
- 5 Tleuberdina G. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // Astra Salvensis, 2021, 2021, стр. 59–65
- 6 Каренов Р.С. Кенесары ханның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі. // Қарағанды университетінің хабаршысы, филологиясы сериясы. № 2 (78), 2015. – 88-108.
- 7 Нысанбай жырау Жаманқұлұлы. Кенесары-Наурызбай (үзінді) //Ақжолтай Ағыбай батыр. –Алматы, Ғылым, 1991. –233.
- 8 Тарихи жырлар. Үшінші том. Кенесары–Наурызбай. – Алматы, «Білім», 1996. – 224.
- 9 Бекмаханов Е. Кенесары - ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі. // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). -2011. № 21 (33). – 8- 9.
- 10 Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. Елу тоғызыншы том. – Астана, «Фолиант», 2010. – 400.

## REFERENCES

- 1 Dosqoja. Kenesary qonystan aýǵanda aitqany // Han Kene: Tarihi tolǵamdar men pesa, dastandar. [What Kenesary said when he left the settlement // Khan Kene: Historical thoughts and plays, epics.] - Almaty, Zhalyń, 1993. - 56-60.
- 2 Qasqabasov S. Alashtyń arman-ańsary (Kenesary han halyq ádebietinde). [Dreams of Alash (Kenesary Khan in folk literature).] // Sovereign Kazakhstan. - December 24. - 6.
- 3 Dala folklorynyń antologiasy. Tarihi jyrlar. 3 tom. [Anthology of steppe folklore. Historical songs. 3 vols.] - Almaty, 2019. - 584.
- 4 Tleuberdina G.T. Qanai bidıń şeşendik sözderiniń fölklorlyq negizderi // Ş.Uälihanov atyndaǵy KU HABARŞYSY. Filologia seriesy. 2022.-№4. 81-89 b.

5 Tleuberdina G. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // Astra Salvensis, 2021, 2021, str. 59–65

6 Karenov R.S. Kenesary hannyn halyq ádebietindegi jáne tarıhı zertteýlerdegi beinesi. [The image of Kenesary Khan in folk literature and historical research.] // Bulletin of Karaganda University, philology series. № 2 (78), 2015. - 88-108.

7 Nysanbai jyraý Jamanqululy. Kenesary-Nauryzbai (úzindi) // Aqjoltaı Agybai batyr. [Kenesary-Nauryzbai (excerpt) // Akzholtay Agybay batyr.] –Almaty, Science, 1991. –233.

8 Tarihi jyrlar. Úshinshi tom. Kenesary–Nauryzbai. [Historical songs. The third volume. Kenesary - Nauryzbai.] - Almaty, "Education", 1996. - 224.

9 Bekmahanov E. Kenesary - ult-azattyq kóterilisiniń kósemi. [Kenesary is the leader of the national liberation uprising.] // Family of stars. Legendary man: Pride of the Nation Kenesary Kasymovich (1802–1847). -2011. № 21 (33). - 8- 9.

10 Babalar sózi. Tarihi jyrlar. Elý toǵyzynshy tom. [Words of ancestors. Historical songs. Fifty-ninth volume.] - Astana, «Foliant», 2010. - 400.

Материал 08.10.2022 баспаға түсті

## **ОБРАЗ КЕНЕСАРЫ ХАНА И НАУРЫЗБАЙ БАТЫРА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

**Казжанова О.А.<sup>1</sup>, Тлеубердина Г.Т.<sup>1</sup>, Шахина С.Ж.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> НАО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», г.Кокшетау, 020000. Қазақстан Республикасы. [orcid.org/0000-0002-0574-643X](https://orcid.org/0000-0002-0574-643X) e-mail: [guldentleuberdina@inbox.ru](mailto:guldentleuberdina@inbox.ru);

<sup>2</sup> НАО «Карагандинский университет имени Е.Букетова», г.Караганда, 040000, Республика Казахстан

*В статье проанализировано командование последнего казахского хана Кенесары, образ его героев, прославивших его армию. Вместе с Кенесары они прошли огонь и воду, взяли на себя всю тяжесть восстания. Мы выяснили, что национально–освободительное восстание под предводительством Кенесары-Наурызбая вдохновило весь народ и вывело на историческую сцену немало батыров. В данном исследовании был проведен литературный анализ образа Кенесары в художественных произведениях народных поэтов, писателей и других исследователей образа Кенесары.*

*В анализируемых эпосах рассказывается о героических подвигах батыров, которые они совершали вместе с Кенесары, а также о подвигах, которые герои совершили сами. Например, подвиг Бугыбай батыра особенно заметен в укреплении у подножия Алатау перед киргизским народом. История казахской литературы иллюстрирует, доблесть Кенесары хана. Как он за освобождение страны и земли добивался победы вместе с батырами.*

*Не только исторические реалии восстания под руководством Кенесары, Наурызбая, но и написанные о них произведения, дают возможность по-новому взглянуть на духовный прорыв нашего свободолюбивого сознания. Даны мнения ученых об очевидном политическом характере массовых антиколониальных восстаний Кенесары и о его роли в казахской истории.*

*Ключевые слова. Исторический эпос, Кенесары, Наурызбай, национально-освободительное восстание, политика, война.*

Материал поступил в редакцию журнала 08.10.2022

## **THE IMAGE OF KENESARY KHAN AND NAURYZBAI BATYR IN THE HISTORY OF KAZAKH LITERATURE**

**O. A. Kazzhanova<sup>1</sup>, Tleuberdina G. T.<sup>1</sup> S. Zh. Shakhina,<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>NAO "Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov", Kokshetau, 020000, Kazakhstan Republics. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: guldentleuberdinga@inbox.ru

<sup>2</sup>NAO "Karaganda University named after E.Buketov", Karaganda, 040000, Republic of Kazakhstan

*The article analyzes the command of the last Kazakh Khan Kenesary, the image of his heroes who glorified his army. Together with Kenesary, they went through fire and water, took on the brunt of the uprising. We found out that the national liberation uprising led by Kenesary–Nauryzbai inspired the whole people and brought many batyrs to the historical stage. In this study, we carried out a literary analysis of the Kenesary image in the works of folk poets, writers and other researchers of the Kenesary image. The analyzed epics tell about the heroic deeds of the batyrs, which they performed either together with Kenesary or alone. For example, the feat of Budybai batyr is especially noticeable in the fortification at the foot of the Alatau in front of the Kyrgyz people. The history of Kazakh literature illustrates the valor of Kenesary Khan, his achieving victory together with the batyrs for the liberation of the nation and the land. The historical realities of the uprising led by Kenesary and Nauryzbai, as well as works written about them, give an opportunity to take a fresh look at the spiritual breakthrough of our freedom-loving consciousness. Researchers' opinions about the obvious political nature of the mass anti-colonial uprisings of Kenesary and their place in Kazakh history are given.*

*Keywords: historical song, Kenesary, Nauryzbai, national liberation uprising, politics, war.*

Received: 08.10.2022

## **ӘОЖ 882**

**С.А.Сағатаева<sup>1</sup>, Р.Ж.Киякова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: [saltanatasqarqyzy@mail.ru](mailto:saltanatasqarqyzy@mail.ru)

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: [raua\\_5@mail.ru](mailto:raua_5@mail.ru)

### **ЖҰМБАҚ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Тәрбие тал бесіктен басталады. Халқымыздың баға жетпес асыл құндылығы ана тіліміз арқылы ел болашағы кішкентай балаларымыздың бойына ұлттық болмысымыз, дүниетанымымыз, салт-санамызды дарытып, еліне деген құрметті, сүйіспеншілікті қалыптастырамыз. Бұл ретте, баланың ой-өрісін кеңейту, байқағыштық қабілетін дамытумен қатар сөздік қорын байытатын жұмбақтардың маңызы ерекше. Жұмбақ – белгілі бір зат немесе құбылыстың атын атамай, соған ұқсас өзге зат не құбылыстармен салыстыра, ұқсаста отырып, көркем тәсілдермен жеткізетін, адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіретін, күннен-күнге дамып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің үлгісі.*

*Мақалада жұмбақтарда кездесетін көркемдегіш құралдар, олардың берілу жолдары, сонымен қатар жұмбақтардың ұлттық сипаты, бала тәрбиесінде алатын орны туралы айтылған.*

*Кілт сөздер: жұмбақ, көркемдік ерекшелік, метафора, теңеу, ұлттық сипат, бала тәрбиесі.*